

ӘОЖ 343.2/.7
GTAMP 10.77.31

ЖАЗА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫ

Виктория Владимировна Люцик

Заң ғылымдарының кандидаты, Тұран Университетінің Жоғары құқық мектебінің қауымдастырылған профессоры; Алматы қ., Қазақстан Республикасы;
e-mail: v.lyutsik@turan-edu.kz; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9723-971X>

Эльвира Бекболатқызы Аблаева

Заң ғылымдарының кандидаты, Тұран Университетінің Жоғары құқық мектебінің қауымдастырылған профессоры; Алматы қ., Қазақстан Республикасы;
e-mail: ablaeva_1981@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-3124-1248>

Мұхтархан Айдарханұлы Утанов¹

Заң ғылымдарының докторы, доцент, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының қылмыстық істер жөніндегі кеңесшісі; Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: mau_25@mail.ru

Аннотация. Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қолданылатын жаза мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының арақатынасы мәселелері зерделенеді.

Олардың арасында жазаға немесе қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларына айналуға мүмкіндік беретін ортақ белгілер, сондай-ақ олардың ара-жігін ажыратуға кедергі келтіретін ерекшелігі анықталды.

Сонымен қатар, олардың сотқа дейінгі қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қолданылатын өзге де қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шараларымен тығыз байланысы айқындалды.

Жазалар мен оларды қолданудың мақсаттары, құралдары мен негіздері, оларды өтеу тәртібі мен шарттары, мөлшері мен мерзімдері, оларды орындайтын мекемелер мен органдар, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдардың мінез-құлқына тыйым салудың түрлері, көлемі мен мазмұны бойынша жасалатын өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары арасындағы айырмашылықтар белгіленді.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауда, әлеуметтік маңызы бар құндылықтарды қорғауда, қылмыстың алдын алуда және оған қарсы күресте жазаның және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының тиімділігі атап өтілді.

Жазалардың және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларының барлық түрлері қылмыстық-құқықтық қорғаудың және қылмыстық-құқықтық алдын алудың кешенді жүйесінің шаралары ретінде қаралады.

Қылмыс жасаған адамдарға қатысты қолданылатын жазалар және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары туралы Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы зерделенді. Жалпы республика бойынша 2020-2024 жылдар кезеңінде сотталғандарға соттар жаза және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын тағайындаған туралы статистикалық мәліметтерге шолу жүргізілді. Оның қорытындысы бойынша шартты түрде, сондай-ақ қоғамдық жұмыстарға тартылған сотталғандар санының төмендеу үрдісі белгіленді.

Түйінді сөздер: жаза, мәжбүрлеу шаралары, қауіпсіздік шаралары, жазаға балама шаралар, сақтық шаралары, қалпына келтіру әділеттілігі, қылмыстық ықпал ету шаралары, медициналық шаралар, мәжбүрлі төлем, ерекше талаптар.

¹ Хат-хабарларға арналған автор

НАКАЗАНИЕ И ИНЫЕ МЕРЫ УГОЛОВНО-ПРАВОВОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ

Люцик Виктория Владимировна

Кандидат юридических наук, ассоциированный профессор Высшей школы права
Университета Туран; г. Алматы, Республика Казахстан;
e-mail: v.lyutsik@turan-edu.kz; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9723-971X>

Аблаева Эльвира Бекболатовна

Кандидат юридических наук, ассоциированный профессор Высшей школы права
Университета Туран; г. Алматы, Республика Казахстан; e-mail: ablaeva_1981@mail.
ru; ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-3124-1248>

Утанов Мухтархан Айдарханович

Доктор юридических наук, доцент, советник председателя Верховного Суда
Республики Казахстан по уголовным делам; г. Астана, Республика Казахстан;
e-mail: mau_25@mail.ru

Аннотация. Изучаются вопросы соотношения наказания и иных мер уголовно-правового воздействия, применяемые к лицам, совершившим уголовные правонарушения, в соответствии с Уголовным, Уголовно-процессуальным и Уголовно-исполнительными кодексами Республики Казахстан.

Выявлены общие черты между ними, позволяющие трансформироваться им в наказание или иные меры уголовно-правового воздействия, а равно их специфичность, препятствующая их разграничению.

Наряду с этим, определена их тесная связь с иными мерами уголовно-процессуального принуждения, применяемых в ходе досудебного уголовного судопроизводства.

Обозначены различия между наказаниями и иными мерами уголовно-правового воздействия, заключающиеся в целях, средствах и основаниях их применения, порядке и условиях, размерах и сроках их отбытия, учреждениях и органах, исполняющими их, а также видах, объемах и содержании запретов к поведению лиц, совершивших уголовные правонарушения.

Отмечены эффективность наказания и иных мер уголовно-правового воздействия в защите прав и свобод человека, охране социально значимых ценностей, предупреждении и борьбе с преступностью.

Все виды наказаний и иных мер уголовно-правового воздействия рассматриваются в качестве мер комплексной системы уголовно-правовой защиты и уголовно-правовой профилактики.

Изучены уголовное законодательство Республики Казахстан о наказаниях и иных мерах уголовно-правового воздействия, применяемых в отношении лиц, совершивших преступления. Проведен обзор статистических сведений об осужденных в целом по республике за период 2020-2024 годы, к которым судами назначены наказание и иные меры уголовно-правового воздействия, по итогам чего установлена тенденция снижения количества осужденных, условно, а также привлеченных к общественным работам.

Ключевые слова: наказание, меры принуждения, меры безопасности, меры альтернативные наказанию, меры предосторожности, восстановительное правосудие, меры уголовного воздействия, меры медицинского характера, принудительный платеж, особые требования.

PUNISHMENT AND OTHER MEASURES OF CRIMINAL-LEGAL INFLUENCE

Lyutsik Viktoriya Vladimirovna

Candidate of Jurisprudence, Associate Professor of Higher School of Law of Faculty
of Humanities and Law at Turan University; Almaty c., Republic of Kazakhstan;
e-mail: v.lyutsik@turan-edu.kz; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9723-971X>

Ablaeva Elvira Bekbolatovna

Candidate of Jurisprudence, Associate Professor of Higher School of Law of Faculty of Humanities and Law at Turan University; Almaty c., Republic of Kazakhstan; e-mail: ablaeva_1981@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-3124-1248>

Utanov Mukhtarhan Aidarkhanovich

Doctor of Legal Sciences, Associate Professor, Counsellor to the Chairman of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan in Criminal Cases; Astana c., Republic of Kazakhstan; e-mail: mau_25@mail.ru

Abstract. *The article examines the relationship between punishment and other measures of criminal-legal influence applied to persons who have committed criminal offenses in accordance with the Criminal, Criminal Procedure and Criminal-Executive Codes of the Republic of Kazakhstan.*

Common features between them are revealed, allowing them to be transformed into punishment or other measures of criminal-legal influence, as well as their specificity, preventing their differentiation.

Along with this, their close connection with other measures of criminal-procedural coercion applied during pre-trial criminal proceedings is determined.

The differences between punishments and other measures of criminal-legal influence are indicated, consisting in the purposes, means and grounds for their application, the procedure and conditions, the amounts and terms of their serving, the institutions and bodies executing them, as well as the types, volumes and content of prohibitions on the behavior of persons who have committed criminal offenses. The effectiveness of punishment and other measures of criminal-legal influence in protecting human rights and freedoms, protecting socially significant values, preventing and combating crime is noted.

All types of punishments and other measures of criminal legal impact are considered as measures of a comprehensive system of criminal legal protection and criminal legal prevention.

The criminal legislation of the Republic of Kazakhstan on punishments and other measures of criminal legal impact applied against persons who have committed crimes has been studied. A review of statistical information on convicts in the republic as a whole for the period 2020-2024 was conducted, to which the courts imposed punishment and other measures of criminal legal impact, as a result of which a tendency to decrease the number of convicts, conditionally, as well as those involved in community service was established.

Keywords: *punishment, coercive measures, security measures, alternative measures to punishment, precautionary measures, restorative justice, criminal measures, medical measures, compulsory payment, special requirements.*

DOI: 10.52026/2788-5291_2025_80_2_138

Kіріспе

ҚР-ның 2002 жылғы құқықтық саясат тұжырымдамасы қылмыстық жауаптылық пен жазаның бұлтартпастығын қылмыстық-құқықтық қағидаттардың бірі ретінде бекіте отырып, қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған кез келген адам міндетті түрде қылмыстық жауаптылық пен жазаға немесе қылмыстық заңнамада көзделген өзге де ықпал ету шараларына жатқызылатынын атап өтті². Жалпылай алғанда, кінәлі адамға қолданылатын барлық ықпал ету ша-

ралары Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, қылмыстық-атқару кодекстерінде өзге де қылмыстық-құқықтық немесе процестік мәжбүрлеу немесе түзету шаралары ретінде көзделген. Айта кетейік, 1997 жылғы ҚР ҚК қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шаралары туралы ережені мүлдем қамтымаған және олардың қандай да бір тізбесін келтірмеген³. Тек 2015 жылғы ҚР ҚК 2018 жылғы шілдеде алғаш рет жалпы бөлімнің 7-бөлігі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларымен қатар қылмыстық-құқықтық

² Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 949 Жарлығы “Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы”. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U020000949> (жүзінген күні: 16.09.2024).

³ Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 Қылмыстық кодексі. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970000167> (жүзінген күні: 16.09.2024).

ықпал етудің өзге де шараларымен толықтырылды⁴.

Ал, 2009 жылғы Құқықтық саясаттың келесі тұжырымдамасында қалпына келтіретін сот төрелігі элементтерін дамыту пайдасына жазалаушы сот төрелігі элементтерінен бас тарту қажеттілігі туралы нақты айтылды. Осыған байланысты қылмыстық – атқару заңнамасы өз алдына қуғын-сүргіннен бас тарту немесе оны барынша азайту мақсатын қойды. Одан кейін қылмыстық қуғын-сүргін шараларын үнемдеу ресми түрде мойындалып, қылмыстық-құқықтық қағидатқа ие болды. Осы мақсатқа қол жеткізу қылмыс жасаған адамға оның қоғамнан оқшаулануына байланысты емес жазаға балама қылмыстық-құқықтық шараларды кеңінен қолдану үшін қажетті жағдайлар жасау, сондай-ақ оған неғұрлым тиімді түрді және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдану кезінде оның тұлғасының деректерін есепке алуға негізделген тиісті тәсілді әзірлеу міндеттерін шешуде көрінді⁵. Біздің ойымызша, аталған міндетті іске асыру аясы қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын қамтиды. Өкінішке орай, ҚР қылмыстық заңнамасы 2018 жылғы 01 шілдеге дейін қолданыста болған редакцияда қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларына ерекше назар аудармаған⁶.

Сонымен, 2021 жылғы Құқықтық саясаттың соңғы тұжырымдамасында жазаның қосымша түрлерін қылмыстық жауапкершіліктен немесе жазадан босатылған адамдарға қатысты қолдану мүмкіндігін қарастыра отырып, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларына айналдыру қажеттілігі көрсетілді⁷. Аталған тұжырымдамалық құжат қылмыстық құқықбұзушылық жасаған адамдарға қылмыстық-құқықтық ықпал етудің барлық жазалау, қалпына келтіру және алдын алу құралдары арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың маңыздылығын көрсетті. ҚР қылмысқа қарсы күрес сала-

сындағы қылмыстық саясатының бұл бағыты соттар қосымша ретінде тағайындайтын жазалардың кейбір түрлерін жазалау жүйесінен алып тастау, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларының түрлерін кеңейту, қылмыстық жауаптылықтан босату нормаларына шартты сипат беру туралы болжам жасайды деп ойлаймын.

Одан өзге 2019-2023 жылдар кезеңіндегі соңғы 5 жыл ішінде бүкіл ел бойынша сотталғандар туралы статистикалық мәліметтерге назар аударсақ, соттар бас бостандығын шектеу түрінде жаза тағайындайтын немесе жаза тағайындамай үкім шығаратын сотталғандардың саны жалпы артып келе жатқанын айқын көрсетеді. Мәселен, 2019 жылы 9,445 сотталғандар бас бостандығынан шектелсе, 2020 жылы сәйкесінше 11,095, 2021 жылы – 11,367, 2022 жылы – 11,057, 2023 жылы – 12, 219, 2024 жылы 11,273. Ал енді 2019 жылы 2 сотталғанға қатысты жаза тағайындамай үкім шығарылса, 2020 жылы 6 сотталғанға қатысты, 2021 жылы – 15, 2022 жылы – 13, 2023 жылы – 21, 2024 жылы – 34. Бұл ретте, тұтастай алғанда, бүкіл ел бойынша қылмыс деңгейінің жыл сайынғы төмендеу үрдісінің жалпы аясында ерекше өзгеріссіз қалған сотталғандардың жалпы саны біршама күмәнді болып көрінеді.

Сонымен қатар, 2020 жылдан бастап байқалған шартты түрде сотталған және қоғамдық жұмыстарға тартылған адамдар санының жыл сайын төмендеу үрдісі ҚР Қылмыстық-атқару заңнамасы саласындағы қылмыстық-құқықтық саясаттың тұжырымдамалық идеяларымен толық сәйкес келмейді, олар қоғамдық жұмыстарға жариялылық элементтерін бере отырып, жазаларды кеңінен қолдануға бағытталған⁸. 2015-2024 жылдар аралығында сот актілері шығарылған адамдар саны туралы статистикалық мәліметтерге жүгінсек, 2020 жылға дейін жалпылай алғанда 3 мыңға жуық қыл-

⁴ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Жәбірленушілерге өтемақы қоры мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 10 қаңтардағы № 132-VI ҚРЗ. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000132> (жүзінген күні: 16.09.2024).

⁵ Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U0900000858> (жүзінген күні: 16.09.2024).

⁶ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Жәбірленушілерге өтемақы қоры мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 10 қаңтардағы № 132-VI ҚРЗ. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000132> (жүзінген күні: 16.09.2024).

⁷ Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674> (жүзінген күні: 16.09.2024).

⁸ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2019-2023 жылдардағы сотталғандар туралы статистикалық мәліметтері. // URL: <https://qamqor.gov.kz> (жүзінген күні: 26.09.2024).

мыскер шартты түрде сотталып, 6 мыңға жуық қылмыскер қоғамдық жұмыстарға тартылды. Ал, 2020 жылдан бастап бұлардың саны 2-3 есе қысқарды.

Жоғарыда айтылғандардың контекстінде жазалау шаралары жүйесін және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын айқындауға бірыңғай тәсілді әзірлеу, сондай-ақ осы жұмыста қарастырылатын белгіленген шаралардың ерекшелігін, тиімділігін және өзара арақатынасын анықтау мәселелері қызығушылық тудырады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу әдістері ретінде жалпы логикалық (талдау, синтез, индукция, дедукция, аналогия), философиялық (диалектика және метафизика) және шындықты білудің арнайы құқықтық (салыстырмалы құқықтық) әдістері таңдалды. Материалдар ретінде қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелері, жазалау мәселелерін және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын реттейтін ұлттық және шетелдік заңнама, сондай-ақ соңғы 5 жылдағы сот-тергеу тәжірибесінің деректері пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Қылмысқа қарсы күресте құқық қорғау және алдын алу міндеттерін өзіне бекіте отырып, ҚК заңмен қорғалатын құндылықтарға қауіп төндіретін немесе зиян келтіру қаупін туғызатын әрекеттерді немесе әрекетсіздіктерді айқындайды, сондай-ақ оларды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтың, жазаның және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының негіздерін белгілейді⁹. Осыған сүйене отырып, жаза және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары қылмыстық теріс қылық пен қылмыс жасаған адамдарға қолданылатын қылмыстық-құқықтық қорғау және қылмыстық-құқықтық алдын алу жүйесіндегі ҚК белгілеген шаралар кешенін білдіреді. Оларға әртүрлі қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдана отырып, мемлекет олардың санасы мен мінез-құлқына әсер етеді. Мұндай шаралардың дұрыс таңдалған түрі мен көлеміне қарай, оның заңға және адам құқықтарына деген қатынасы одан әрі қалыптасады, елдегі рецидивтік қылмыстың деңгейіне әсерін тигізеді, халықтың әлеу-

меттік қорғалу жағдайы анықталады.

Қарастырылып отырған институт қылмыстық-құқықтық қорғау мен қылмыстық-құқықтық алдын-алудың маңызды рөлін атқарса да, Қылмыстық кодекстің жалпы бөлімінде оған арналған арнайы бөлім жоқ. Қазір қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шаралары медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларымен біріктірілген ҚР ҚК жалпы бөлімінің 7-бөліміне орналастырылды. Жүйе немесе олардың тізімі жоқ. Сонымен қатар, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларымен ұқсастығы мен байланысы бар тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шаралары ҚР ҚК жалпы бөлімінің олардан бөлек 6-бөліміне орналастырылды. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларынан айырмашылығы заң шығарушы тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларына немесе қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларына қатысты «әсер ету» терминін қолданатыны ерекше байқалады. Дегенмен, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары мен тәрбиелік әсердің науқасты немесе кәмелетке толмағанды туыстарының бақылауына немесе қадағалауына беру бөлігінде бір-біріне ұқсастығы бар екенін атап өткен жөн.

Сонымен қатар, тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларының тізіміне кәмелетке толмаған адамның мінез-құлқына ерекше талап қою сияқты оның түрі кірді, ол өзінің мазмұны бойынша кәмелетке толған адамдарға қойылатын ерекше талаптарға тән жалпы белгілерге ие. Бұл жағдай заңнамада және тәжірибеде қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларының мәнін, табиғатын және мазмұнын анықтауға қатысты пікірталас туындатады, ал қылмыстық құқық теориясынан біз қылмыстық жауаптылықтың жаза тағайындаумен, оны тағайындамай немесе одан босатумен бар екендігін білеміз. Атап айтқанда, қарастырылып отырған шараларды қай қылмыстық-құқықтық институтқа жатқызу керектігі белгісіз, дербес немесе жазамен біріктірілген немесе оған балама.

О.Б. Филипецтің ойынша, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шаралары заңмен нақты реттелмеген, өйткені заң шығарушы оларға түсінік бермеген, олардың мақсаттарын анықтамаған және классификациясын келтірмеген. Ал, мүлкті тәр-

⁹ Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚПЗ Қылмыстық кодексі. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүзінген күні: 16.09.2024).

кілеуді автор қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шарасы деп таниды. Бұл ретте, жәбірленушілердің мәжбүрлі төлемді алу құқығын жүзеге асыруға кедергі келтіретін, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кейбір тұлғалардың мәжбүрлі төлемді төлеу жөніндегі міндеттемеден жалтаруларына мүмкіндік беретін заңнамадағы олқылықтарға назар аудара отырып, автор заңнамаға қызықты өзгертулер енгізілді [1, с. 2-6]. О.Б. Филипецтің сынымен келісе отырып, дегенмен оның мүлікті тәркілеу қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шарасы болып саналады деген пікіріне қарсылық білдіру керек, өйткені ол Қылмыстық кодекстің 40-бабында белгіленген жазалар жүйесіне негізгі жазалардың басқа түрлеріне қосымша тағайындалатын жаза ретінде енген.

ҚК-нің 84 және 93-баптарында көрсетілген тәрбиелік ықпал етудің немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлеріне сүйене отырып, олардың тізбесінде мәжбүрлі төлем жасау және сотталған кәмелетке толған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар орын алмағандықтан, оларды қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларының жекелеген ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Жазаның, оның ішінде оған балама ретінде қолданылатын немесе бас бостандығынан айырумен байланысты емес қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа шараларымен арақатынасы өте кең және маңызды. Олардың арасындағы айырмашылықтар айқын көрінбейді. Нәтижесінде, бүгінгі күнге дейін олардың әлеуметтік мәні мен құқықтық табиғаты толық анықталмаған.

Сонымен, жаза, тәрбиелік немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары, мәжбүрлі төлем, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның мінез-құлқына қойылатын ерекше талаптар бір-бірімен қатынасы олардың әр қайсысына тән құралдармен анықталатын қылмыстық-құқықтық ықпал ету жүйесінің кешенді шараларын құруында. Демек, жаза, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары сияқты, бас бостандығынан айыру қылмыстық жауаптылыққа тарту, жаза тағайындау және қылмысқа қарсы күресте маңызды рөл атқаратын мемлекеттік мәжбүрлеудің ең қатал әрі қатаң түрі болып саналатын осы шаралар кешенінің ішкі жүйесімен ұсынылады. Бірақ жалғыз және ең бастысы емес, өйткені қазір басымдық сотталушының бас бостандығынан айырумен және оның қоғамнан

толық окшаулануымен байланысты емес жазаларға беріледі, бұл жұмыстың басында көрсетілген қылмыстық саясаттың мақсаттары мен міндеттеріне байланысты.

Жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын бұлай түсіну кейбір зерттеушілердің елеулі қарсылықтарын тудырады. Осылайша, жаза мен қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа шараларын ажырататын Ресей Қылмыстық кодексінің мақсаттары мен принциптеріне сілтеме жасай отырып, Т.В. Непомнящая қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларының құқықтық табиғатына қарай олар жазаға балама ретінде қолданылатын шаралар болып табылатын медициналық сипаттағы және тәрбиелік ықпал етуші мәжбүрлеу шаралары, ал мүлікті тәркілеу қылмыстық жазаның қосымша жаза түрі болып табылады деп есептейді [2, с. 117-118].

Ал, С.А. Корнеевтің пайымдауынша, қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге де шараларды қылмыстық-құқықтық ықпал етудің окшауланған нысаны ретінде қабылдау, бір жағынан, оларды жазаға ұқсас мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы, екінші жағынан, өзге де терминін қолдану оларды жазадан өзгеше шаралар дегенді білдіреді. Алайда, олар бірдей құқықтық категориялар емес [3, с. 93]. Осы пікірді ұстана отырып, С.А. Корнеев қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге де шаралар – қылмыстық заңмен көзделген, мәжбүрлеу сипатқа ие, құқықтардан айыру мен оларды шектеуден тұратын, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, психикасы бұзылған адамды емдеу немесе оның психикалық жағдайын жақсарту және қылмыстарды ескерту мақсатында сот шешімімен қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының жиынтығы деген анықтама береді [3, с. 104-105].

Сонымен қатар, соңғы жылдары шетелдік зерттеушілер арасында жазаның коммуникативті теориясына ерекше ғылыми қызығушылық пайда болды. Бұл ретте Америкааралық Адам құқықтары соты әзірлеген, жәбірленушілердің құқықтарын қамтамасыз еткен іс бойынша шындықты айқындауға, оларға келтірілген зиянды өтеуге және кінәлі тұлғалардың мұндай әрекеттерді қайталамау сот практикасына баса назар аударылды. Е. Мақұлан, А. Гил жазаны мемлекеттің құндылықтарын қорғау және сақтау жөніндегі әлеуметтік бақылау құралы ретінде түсінуден бас тарта отырып, оны жазалау шараларының орнына құқық бұзушыларға және жазалау мақсаттарына қол жет-

кізуге және жәбірленушілердің мүдделерін қанағаттандыруға ықпал ететін басқа да қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдана отырып, жәбірленушілердің құқықтарын қорғау тетігі ретінде қарастыруды ұсынады. Бір жағынан, авторлар жәбірленушінің сот төрелігіне деген қажеттілігіне, екінші жағынан, құқық бұзушылардың әлеуметтенуіне жол бермеуге баса назар аударады. Олар жасаған негізгі қорытынды: «өзгеретін сот төрелігі» жағдайында жаза құқық бұзушыларға өз мақсаты ретінде пайдаланылмауы керек, сондай-ақ алдын алу функциясы арқылы қорғалатын құндылықтарды қорғау жөніндегі қылмыстық құқықтың іргелі негіздері жәбірленушілердің сот төрелігіне құқығымен алмастырылмауы керек [4, р. 134-135].

М. Пинто ұқсас көзқарасты ұстана отырып, Америкааралық адам құқықтары сотының, Еуропалық адам құқықтары сотының және БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитетінің тәжірибесін талдау кезінде олардың қылмыстық құқықты адам құқықтарын қорғаудың маңызды құралы ретінде оң ұсынудағы үлкен рөлін атап өтті. Автордың пікірінше, криминализация мен жазалау айыпталушылардың құқықтарын шектеуге әкеліп қана қоймайды, олар мемлекеттің мәжбүрлі күшінің күшеюіне және оларды теріс пайдалануға мүмкіндік береді [5, р. 161].

Ең алдымен айта кететін жайт, қылмыстық-құқықтық шаралардың кез келген түрі, ең бірінші, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға сот үкімі бойынша тағайындалатын, мемлекеттің өз еркіне және қалауына қарсы қолданытын мәжбүрлеу шарасы болып табылады. Олардың арасындағы ерекше белгілер тек мақсаттарда, құралдарда және оларды қолдану негіздерінде ғана емес, сонымен қатар төменде талқыланатын басқа да нәрселерде. М. Чанкселиани дұрыс атап өткендей, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің барлық шаралары, соның ішінде жазалау да қылмыстық құқықтың жалпы қағидаттарына бағынады және олар көздейтін алдын алу мақсаттарына байланысты ерекшеленеді, сондай-ақ оларды қолдану негіздеріне қарай, мысалы, қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары жазалау мақсатын көздемейді [6, р. 104]. Бірақ өзгергелі жатқан сот төрелігі мен адам

құқықтарының үстемдігі жағдайында жаза немесе жазалау жазаның мақсаты емес, бірақ бәрібір олар мағыналық түсінігінде бірдей ұғымдар болып саналады. Сондықтан, жазаның мазмұнына шектеулер немесе құқықтар мен бас бостандықтарынан айыру түріндегі жазалау құралдарының едәуір көлемі кіреді, бұл жазалаушы емес құралдарды қамтитын қылмыстық-құқықтық ықпал етудің барлық басқа шараларында байқалмайды.

Осылайша, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары жазаға қарағанда қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жазасын орындауға немесе өтеуге мүмкіндік бермейтін, оның жасаған ісін толық түсінуге кедергі келтіретін психикалық жағдайын емдеу немесе жақсарту мақсатын көздейді. Олар жаза ретінде соттылықты тудырмайтын қауіпсіздік немесе сақтық шаралары ретінде әрекет етеді. Жаза, әдетте, қылмыстық құқық бұзушылық құрамының субъектісі деп танылған адамға тағайындалады, ал есі дұрыс емес немесе психикалық ауытқуы бар адам олай танылмайды. Тиісінше, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары соттың айыптау үкімімен емес, сот қаулысы негізінде тағайындалады. Мұның бәрі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары тек медициналық критерийлерге негізделгенін, ал жаза тек заңды критерийлерге. Алайда, жаза мен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары кінәлі адамның жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының жеке алдын алу мақсатымен көздегенімен өзара байланыста болады. Дәл осы мақсатқа ҚР Жоғарғы Соты төмен тұрған соттардың назарын аударып, оларға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын дұрыс қолдану осы адамдардың жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алуға ықпал ететінін түсіндірді¹⁰.

ҚК-нің 97-бабында белгілі бір психикалық аурумен ауыратын адамның жазасын өтеуі туралы мәселесін қайта көтеретін мән-жайлар қарастырылғанын, ал медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары өтелген жаза ретінде ескерілетінін ескеру қажет. Олардың ішінде психикалық аурумен ауырған адамды сауықтыру, сондай-ақ психикалық бұзылудан зардап шеккен адамды емдеу. Аталған жағдайларда сот қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімдерін және одан босату негіздерін басшылыққа

¹⁰ Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі N 8 Нормативтік қаулысы. // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P99000008S_ (жүзінген күні: 26.09.2024).

алады¹¹. Сондай-ақ, психикалық ауру медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін де, жазадан босату үшін де негіз бола алатындығын есте ұстаған жөн, бұл ҚР ҚК 91-бабынан және ҚР ҚК 75-бабынан туындайды¹².

Қылмыстық Кодекстің 98-бабында көрсетілген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының ішінде жазаны орындаумен біріктірілген шаралар да бар. Осы баптың қағидалары бойынша психикалық немесе мінез-құлық бұзылыстарынан емделуге мұқтаж ақыл-есі кем адамдарға, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстық теріс қылықтар немесе қылмыстар жасаған кәмелетке толмағандарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары сот тағайындаған бас бостандығынан айыру жазасын өтеу орны бойынша қолданылады. Сот жазаның өзге түрлеріне үкім шығарған адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын жазаны өтеу мерзімдерімен теңестірілетін денсаулық сақтау ұйымдарында қолданылады¹³.

Тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары өз атауынан байқалғандай, кәмелетке толмағандарға тәрбиелік мақсатта қолданылады, бұл жазаның мақсаты болып табылмайды, сол себепті оларды тәрбиелік шаралар ретінде бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Қылмыстық-атқару саласында қабылданатын кешенді шаралардың ішінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның тәрбиелік құрамдас бөлігін толықтыру және күшейту көрсетілгенін ескерсек, мұндай айырмашылық олардың айрықша ерекшелігі болып табылмайды. Сондықтан мұндай шаралардың жазамен өзара байланысы қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасаған адамдарға тәрбиелік ықпал етудің нысандары мен әдістерінен көрінеді.

Түзеу жұмыстары және мәжбүрлі төлем ретінде қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шаралары түріндегі жаза үшін Жәбірленушілерге өтемақы қорына ақша қаражатын төлеу ортақ болып табылады, бұл оларды жәбірленушілердің құқықтарын қорғау жөніндегі шаралар ретінде бөлуге мүмкіндік береді. Айыппұл, түзеу жұмыстары және мәжбүрлі төлем үшін олардың айлық есептік көрсеткіштердегі есептеу тәртібі жалпы болып табылады. Мұның бәрі

жазаның қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа шараларымен тығыз байланысы туралы айтады, соның салдарынан оларды бір-бірінен қатаң бөлу қиындық тудырады.

Қылмыстық-құқықтық қорғау және қылмыстық-құқықтық алдын алу шараларының кешенін құрайтын барлық шаралар тәртіп пен шарттармен, оларды өтеу мөлшері мен мерзімдерімен, оларды орындайтын мекемелер мен органдармен, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдардың мінез-құлқына тыйым салу түрлерімен, көлемімен және мазмұнымен ерекшеленеді. Мәселен, бас бостандығынан айыру сотталғанды оны қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің әртүрлі түрлерінің орналасқан жері бойынша 6 айдан 30 жылға дейінгі мерзімге өтеу жолымен оқшаулаудан тұрады.

Бас бостандығын шектеу сотталған адамның мінез-құлқын және оған сот жүктеген міндеттердің орындалуын бақылаудан, оны мәжбүрлі еңбекке тартудан тұрады, тұрғылықты жері бойынша немесе қоғамдық орындарда 6 айдан 7 жылға дейінгі мерзімге қоғамнан оқшауланбай өтеледі. Жазаның бұл түрлерін сот тек қылмыс жасағаны үшін тағайындайды. Тұтқындау сотталған адамды қоғамнан 10-нан 15 тәулікке дейінгі мерзімге уақытша оқшаулаудан тұрады, арнаулы қабылдау орнында, тергеу изоляторларында, гауптвахталарда өтеледі. Өз кезегінде медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары сотталғанды амбулаториялық бақылаудан немесе мамандандырылған медициналық ұйымдарда психикалық бұзылулардан стационарлық емдеуден тұрады.

Жазалардың қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа шараларынан айтарлықтай айырмашылығы – барлық жазалар жазалардың жабық тізбесінің бірыңғай және реттелген жүйесі болып табылады. Жазаның түрі, мөлшері мен мерзімі ҚК-нің Ерекше бөлігінің баптарының санкцияларында міндетті түрде көрсетіледі. Қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шаралары реттелген шаралар жүйесін құрмайды. Олар ҚК-нің Ерекше бөлігінің баптарының санкцияларында көрсетілмейді.

Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында есі дұрыс емес адамдарға немесе психикалық ауытқулары бар адамдарға бұлтартпау шараларын қолдануға тыйым салынғанын атап

¹¹ Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қылмыстық кодексі. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүзінген күні: 26.09.2024).

¹² Сол жерде.

¹³ Сол жерде.

ету маңызды. Оларға ҚІЖК 511-бабының 2-бөлігіне сәйкес, денсаулық сақтау органдарын хабардар ете отырып, науқасты туыстарының, қорғаншыларының, қамқоршыларының қарауына беру, сондай-ақ психиатриялық көмек көрсететін арнайы медициналық ұйымға орналастыру түріндегі қауіпсіздік шаралары қолданылады¹⁴. ҚР Жоғарғы Сотының түсіндірулеріне сәйкес, науқасты туыстарының, қорғаушыларының, қамқоршыларының қарауына беру олардың келісімімен мүмкін, ал бас тартылған жағдайда оны денсаулық сақтау ұйымы орналастырады¹⁵. Сол себепті медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қауіпсіздік пен сақтық шаралары ретінде қарастырған жөн.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның мінез-құлқына қойылатын ерекше талаптар оларға 3 айдан 1 жылға дейінгі мерзімге белгіленген тыйымдар мен шектеулерді сақтау бойынша белгілі бір міндеттемелерді жүктеуден тұрады. Тек кінәлі адамдарға тағайындалатын жазадан айырмашылығы, ерекше талаптар жәбірленушімен татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамдарға қойылады. Олардың мінез-құлқына қойылатын ерекше талаптар Қылмыстық кодексте көрсетілгендермен шектелмейді. Сондай-ақ мұндай адамдарға ҚІЖК-нің 165-бабында белгіленген жәбірленушілерге және іске қатысатын өзге де адамдарға іс жүргізу мәжбүрлеудің өзге де шарасы ретінде жақындауға тыйым салу қолданылады¹⁶. Ол жәбірленушілердің және іске қатысатын адамдардың жеке және мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қолданылады. Сондықтан ҚР заңнамасы жақындауға тыйым салуды қауіпсіздік шараларының бір түрі деп таниды¹⁷. Осы тұрғыда қылмыс жасаған адамдардың мінез-құлқына қойылатын ерекше талаптар қауіпсіздік немесе

сақтық шаралары ретінде қарастырылған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларымен байланысты.

Жеке талдауды біз үшін жазаның қосымша түрі ретінде белгілі мүлікті тәркілеу талап етеді, ол да сол уақытта, болашақта сот үкімінің орындалуын қамтамасыз ету шарасы, қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы болып табылады. Бұны іс жүзінде ҚК-нің 48-бабының 4-бөлігі көрсетеді: «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 15-бөлімінде көзделген жағдайларда мүлікті тәркілеу соттың шешімі бойынша қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде қолданылуы мүмкін»¹⁸. Көптеген елдердің қылмыстық кодекстеріндегі мүлікті тәркілеу қазір жазалау жүйесінен алынып тасталды және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының бірі ретінде танылды. Мәселен, Беларусь ҚК 1999 жылдан бастап қылмыстық жауаптылық шараларымен қатар және одан босату кезінде қолданылатын арнайы тәркілеуді бөледі¹⁹. Ресейдің 1996 жылғы Қылмыстық кодексі мүлікті тәркілеуді және оның аналогын келтірілген залалды өтеуді қылмыстық-құқықтық сипаттағы басқа шараларға жатқызды²⁰. Әзірбайжан заң шығарушысы жазалау жүйесінен мүлікті тәркілеу мен бостандықты шектеуді алып тастап, ҚК-нің VI бөліміне «қылмыстық – құқықтық сипаттағы өзге де шаралар» арнайы тәркілеуді енгізіп, ресейлік заң шығарушымен ұқсастығы бойынша оның түрін-қылмыс нәтижесінде келтірілген зиянды тәркіленген мүлік арқылы өтеуді, сондай-ақ мүліктің құны бойынша тәркілеуді көздеді²¹.

ҚР қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасындағы бірқатар қарама-қайшылықтар мен олқылықтарды жою, сондай-ақ оларды қалыптастырудың бірыңғай тәсілін әзірлеу мақсатында, А.Б. Сқақов қылмыстық-атқару сипатындағы жазалар-

¹⁴ Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Қылмыстық-процестік кодексі. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (жүзінген күні: 26.09.2024).

¹⁵ Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі N 8 Нормативтік қаулысы. // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P99000008S_ (жүзінген күні: 26.09.2024).

¹⁶ Сол жерде.

¹⁷ Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі № 72 Заңы. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0000000072> (жүзінген күні: 26.09.2024).

¹⁸ Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қылмыстық кодексі. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүзінген күні: 26.09.2024).

¹⁹ Беларусь Республикасының 1999 жылғы 9 шілдедегі № 275-3 Қылмыстық кодексі. // URL: <https://pravo.by/document/?guid=3871&p0=hk9900275> (жүзінген күні: 26.09.2024).

²⁰ Ресей Федерациясының 1996 жылғы 13 маусымдағы N 63-ФЗ Қылмыстық кодексі. // URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_10699/21595c500a6ee49a3e04bef45c9726cf2646ce59/. (жүзінген күні: 26.09.2024).

²¹ Әзірбайжан Республикасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы № 787-IQ Қылмыстық кодексі. // URL: <https://www.migration.gov.az/content/pdf/7d878287d2a6aa187238b93c7df26ef3.pdf> (жүзінген күні: 26.09.2024).

ды атқару жүйесі мен тәртібі, бас бостандығынан айыруға баламалы жазалар, оларды кейінге қалдыру сияқты Қылмыстық кодекстің кейбір институттарын Қылмыстық-атқару кодексіне ауыстыруды ұсынады. Әңгіме айыппұл, қоғамдық жұмыстар, мәжбүрлі және түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, қамауға алу, жазаны шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаны ауыстыру, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шаралары мен қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері туралы болып отыр. Оның ұстанымы бойынша, мұндай өзгерістер бас бостандығынан айыруға балама жазаларды орындау тәртібін реттеуді жетілдіреді [7, с. 368].

Соңғы зерттеулерде Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімін 3-1 «Өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шаралары» бөлімімен толықтырып, олардың жалпы және арнайы түрлерін ажырату ұсыныстары кездеседі. Авторлар ұсынған жіктеуге сәйкес, қылмыстық құқықтық ықпал ету шараларының жалпы түріне ҚР Қылмыстық кодекстің 63, 72 және 73 баптарында көрсетілген шаралар, арнайы түрлеріне – 49-51, 74-76, 84, 93 және 98-1 баптарында көрсетілген шаралар жатқызылады [8, с. 101-102]. Дегенмен, олардың жіктеу критерийлері белгісіз.

Керісінше, Н.Т. Ескалы мен А.М. Алибекованың ойынша, құқықтық мазмұны бойынша шартты түрде соттау, жазадан босату, оны өтеуді кейінге қалдыру немесе басқа түрімен ауыстыру жазаны іске асыру тәртібі болғандықтан, жазаның баламасы болып танылады, сол себепті оларды қылмыстық құқықтық ықпал ету шаралар қатарына қо-

суға қарсылық білдіреді [9, 87 б.].

ҚР Қылмыстық-атқару саясатының тұжырымдамалық бағыттары аясында және қайта құрылатын сот төрелігі жағдайында жазалардың кейбір түрлері қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге шараларына трансформациялануға ұшырауы немесе соңғыларының бір түрі қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға неғұрлым тиімді ықпал етуге, сондай-ақ жәбірленушілердің сот төрелігіне құқығын қанағаттандыруға мүмкіндік беретін жаңа шаралармен толықтырылуы мүмкін. Дегенмен, бүгінгі күні, пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтардың сипаты мен құрылымына қарайтын болсақ, заң шығарушының мүлікті тәркілеуді қосымша жаза және сонымен бірге қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде тануы толығымен негізделген және орынды.

Қорытынды

Жүргізілген талдау қылмыстық-құқықтық ықпал етудің барлық шараларын, оның ішінде жазаны қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеудің түріне, сипатына және көлеміне қарай жазалаушы және жазаланбайтын, не жазаға байланысты және онымен байланысты емес деп бөлуге мүмкіндік береді. Ал тағайындау мақсаттарына, қолдану негіздеріне, ықпал ету құралдарына, орындаушы мекемелер мен органдарға, өтеу тәртібі мен шарттарына байланысты оларды жазаларға, қауіпсіздік шараларына немесе ескертулерге, тәрбиелеу шараларына, жәбірленушілердің құқықтарын қорғау шараларына, қылмыстың алдын алу шараларына бөлуге болады.

Авторлардың үлесі

Осы жұмыстың авторлары бірлескен зерттеу жүргізді. Атап айтқанда, *Э.Б. Аблаева* авторлық ұжым алдында ғылыми идеяларды, оларға қол жеткізудің мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдап, алынған әрбір нәтижені түсіндіріп, зерттеу соңында «Қорытынды» бөлімінде зерттеу қорытындысын шығарды, сондай-ақ транслитерация мен библиографиялық жазбаны ресімдеді. «Кіріспеде» *Э.Б. Аблаева* зерттеу тақырыбын таңдауды толық негіздеп, мәселені өзектендірді және «Авторлық үлес» бөлімінде осы жұмыстың әрбір авторының қосқан үлесін объективті түрде бағалады.

Әр автор өз деректерін 3 тілде берді. Үш автор да «Нәтижелер мен талқылау» бөліміне белсенді қатысты. Атап айтқанда, *В.В. Люцик* «Жаза және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шаралары» тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерді жинақтап, оларға толық талдау жүргізіп, теорияда кездесетін күрделі мәселелерді анықтап, қолжазбаны өңдеп, редакциялық алқаның ғылыми жұмыстардың осындай түрлеріне қойылатын талаптарына сай ресімдеді. *Э.Б. Аблаева* шетелдік ғылыми әдебиеттерді *В.В. Люцик*ке іріктеуде, оның ішінде халықаралық ғылыми-метрикалық мәліметтер базасына кіретін әдебиеттерді таңдауға көмек көрсетті.

М.А. Утанов сот жүйесінің жоғары органының қызметкері ретінде Жоғарғы Соттың барлық түсіндірмелерін жинау және қорытындылау, сот және тергеу тәжірибесін талдау

нәтижелері бойынша соттардың жаза және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын қолдану проблемаларын атап өтті. Оның шешімін табуға Э.Б. Аблаева мен В.В. Люцик қатысты. Сонымен қатар, қазақ тілін жетік меңгерген М.А. Утанов қолжазбаны қазақ тіліне аударуды жүзеге асырды. Автор-корреспондент ретінде әрекет ететін М.А. Утанов редакциямен пошталық хат алмасуды жүргізді, сонымен қатар рецензенттер мен редакция алқасының ұсыныстары мен ескертулерін ескере отырып, қолжазбаның қазақ тіліндегі мәтініне өзгерістер мен толықтырулар енгізді. «Материалдар мен әдістер» бөлімінде В.В. Люцик пен М.А. Утанов бірлесіп жұмыс істеді. Қазақ және орыс тілдеріндегі «Аннотацияны» М.А. Утанов өзі дайындап, тақырыпқа сәйкес «Түйінді» сөздерді таңдады. В.В. Люцик «Аннотация» мен «Түйінді сөздерді» ағылшын тіліне аударуды жеке өзі жүзеге асырды.

ӘДЕБИЕТ

1. Филипец О.Б. Принудительный платеж как инструмент защиты прав потерпевшего от уголовного правонарушения в Республике Казахстан // Вестник Академии правоохранительных органов. – 2023. – № 1 (27). – С. 1-8.
2. Непомнящая Т.В. Иные меры уголовно-правового характера: понятие, юридическая природа, система // Журнал «Правоприменение». – 2017. Т. 1. – № 1. – С. 114–121.
3. Корнеев С.А. Уголовная ответственность и иные меры уголовно-правового характера в структуре уголовно-правового воздействия: дисс ... канд. юрид. наук: 12.00.08 / Корнеев Сергей Александрович; [Место защиты: Академия права и управления Федеральной службы исполнения наказаний]. – Рязань, 2021. – 184 с.
4. Elena Maculan, Alicia Gil Gil. The Rationale and Purposes of Criminal Law and Punishment in Transitional Contexts // Oxford Journal of Legal Studies - (2020). Vol. 40. - No. 1. - P. 132–157.
5. Mattia Pinto. Awakening the Leviathan through Human Rights Law – How Human Rights Bodies Trigger the Application of Criminal Law // Utrecht Journal of International and European Law. – 2018. – № 34 (2). – P. 161–184. – DOI: <https://doi.org/10.5334/ujiel.462>
6. M. Chankseliani. Punishment and other penal measures // European Scientific Journal February /Special/ edition. - 2012. - Vol. 8. - No. 2 – P. 98-108.
7. Скаков А.Б. Прогрессивная система исполнения наказаний и пробация требуют дальнейшего совершенствования // Человек: преступление и наказание. - 2020. Т. 28 (1-4). - N 3. – С. 365-370. - DOI: 10.33463/2687-1238.2020.28 (1-4).3.365-370.
8. Наказание в уголовном праве: Монография / Коллектив авторов. Под общей редакцией Г.К. Шушиковой. – Косы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2022. – 132 с.
9. Есқалы Н.Т., Алибекова А.М. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын құқықтық реттеу мәселелерінің кейбір аспектілері // Международный научный журнал Академик. – 2025. – № 1 (265). – 86-89 б.

REFERENCES

1. Filipets O.B. Prinuditelnyi platezh kak instrument zashhity prav poterpevshego ot ugovnogo pravonarusheniya v Respublike Kazahstan // Vestnik Akademii pravoohranitelnyh organov. – 2023. – № 1 (27). – S. 1-8.
2. Nepomnjashhaya T.V. Inye mery ugovno-pravovogo haraktera: ponyatie, yuridicheskaya priroda, sistema // Zhurnal «Pravoprimerenie». – 2017. T. 1. – № 1. – S. 114–121.
3. Korneyev S.A. Ugolovnaya otvetstvennost i inye mery ugovno-pravovogo haraktera v strukture ugovno-pravovogo vozeistviya: diss ... kand. yurid. nauk: 12.00.08 / Korneyev Sergei Aleksandrovich; [Mesto zashhity: Akademiya prava i upravleniya Federalnoi sluzhby ispolneniya nakazaniy]. - Ryazan, 2021. – 184 s.
4. Elena Maculan, Alicia Gil Gil. The Rationale and Purposes of Criminal Law and Punishment in Transitional Contexts // Oxford Journal of Legal Studies - (2020). Vol. 40. - No. 1. - P. 132–157.
5. Mattia Pinto. Awakening the Leviathan through Human Rights Law – How Human Rights Bodies Trigger the Application of Criminal Law // Utrecht Journal of International and European Law. – 2018. – № 34 (2). – P. 161–184. – DOI: <https://doi.org/10.5334/ujiel.462>

6. M. Chankseliani. *Punishment and other penal measures* // *European Scientific Journal February /Special/ edition*. - 2012. - Vol. 8. - No. 2 – R. 98-108.
7. Skakov A.B. *Progressivnaya sistema ispolneniya nakazaniy i probatsiya trebuyut dalneishego sovershenstvovaniya* // *Chelovek: prestuplenie i nakazanie*. - 2020. T. 28 (1-4). - N 3. – С. 365-370. - DOI: 10.33463/2687-1238.2020.28 (1-4).3.365-370.
8. *Nakazanie v ugodnom prave: Monografiya / Kollektiv avtorov. Pod obshhei redaksiei G.K. Shushikovo.* – Koshy: Akademiya pravoohranitelnyh organov pri Generalnoi prokurature Respubliki Kazakhstan, 2022. – 132 s.
9. Yeskaly N.T., Alibekova A.M. *Ozge de kilmystyk-kukykyk ykpal etu sharalaryn kukykyk retteu maselelerinin keibir aspektleri* // *Mezhdunarodnyi nauchnyi zhurnal Akademik*. – 2025. - № 1 (265). – 86-89 b.